

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоселов ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 3 маусымдағы № 21 шешімі

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1 -1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоселов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына жалпы ауданы 0,0399 га жер учаскесіне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін: Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоселов ауылдық округі, Привольное ауылы, талшықты-оптикалық байланыс желісін және телефон кәрізін төсеу және қызмет көрсету үшін.

Жер учаскесіне шектеулер, ауыртпалықтар: жоқ.

Жер санаты: елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері.

Жер учаскесі санау: бөлінетін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*С. Спасибушкин*